



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«Ақ жол» фракциясының,
Қазақстан Халық партиясының
мүшелеріне

2021 жылғы 18 ақпандағы № ДС-59 хатқа

Құрметті депутаттар!

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Отандық тауарларды маркетингтік ілгерілету және жалға алу ақысы бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша

Отандық тауарларды сыртқы нарықта ілгерілету бойынша шығындарды ішінара өтеу жөніндегі тиісті норма Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларында, отандық өңделген тауарлардың тізбесінде көзделген.

Атап айтқанда шетелде тауарларды ілгерілету, тауарларды жарнамалау және шетелдік көрмелерге қатысу бойынша іс-шараларды жүргізуге жұмсалатын шығындар өтеледі. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету кезінде өнімді сертификаттауға арналған шығындардың 50 % (3000 АЕК-тен астам емес) өтеледі.

Мысалы, 2020 жылы «QazIndustry» АҚ бизнесті қолдау үшін ұсынылған өтінімдер бойынша жеңіл өнеркәсіптің 15 кәсіпорнына жалпы сомасы 37,3 млн теңгеге өтеуді жүзеге асырды.

Мысалы, «AZALA TEXTILE» ЖШС, «Ақбура-Контракт» ЖШС, «Асыл Арман» ЖШС, «Тараз Кож Обувь» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС және «Samhat» ЖШС тауарларын ілгерілетуге жұмсалған шығындар өтелді.

Анықтама ретінде: «Экс «Kazakh Export» АҚ желісі бойынша 2 млрд теңгеден астам сомада сақтандыру арқылы қолдау көрсетілді («Export Z» ЖШС - 15 млн теңге; «Azala Cotton» ЖШС – 1 млрд теңге; «ПК АГФ групп» ЖШС – 1 млрд теңге; «Мырзакент» ЖШС – 150 млн теңге; «Бал Текстиль» ЖШС – 62 млн теңге).

Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігі жеткізу шығындарын өтеу тетігін пайдалана отырып, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдерінің сынақ партиясын Франция мен Финляндияға жіберу мәселесін пысықтауда. Мысалы, «ПК АГФ групп» ЖШС «QazTrade» АҚ-ның қолдауымен тауарларды шағын партиялармен Солтүстік Америка елдеріне экспорттайды және жақын айларда Франция мен Финляндияға алғашқы жеткізілімдерді жүзеге асырады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қосымша тауарларды ішкі нарықта ілгерілету, оның ішінде сауда алаңдарын жалға алу, тауарларды теледидарда жарнамалау, жеткізу және т. б. бойынша шығындарды өтеуге бағытталған қолданыстағы заңнама нормаларын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Кейіннен 30%-ға дейін жеткізе отырып, сауда желілерінің сөрелерінде өзімізде шығарылған жеңіл өнеркәсіп тауарларының кемінде 10%-ының болуын қамтамасыз ету бойынша

«Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға сәйкес сауда қызметін реттеудің негізгі қағидаты мемлекеттік органдардың сауда қызметіне араласпауы болып табылады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы ДСҰ шеңберінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес ұйымның басқа мүшесінің мүдделері үшін қолайсыз салдарлар келтірмеуге, оның ішінде оның өнеркәсібіне залал келтірмеуге, пайдалардың күшін жоюға немесе қысқартуға, құқықтарға елеулі түрде қысым жасамауға тиіс. Жалпы ДСҰ мүшелері отандық және импорттық тауарлар үшін бәсекелестіктің тең жағдайларын ұсынуға тиіс.

Бұдан басқа Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) шеңберінде Қазақстан Республикасының міндеттемелері бар. Мысалы, 2021 жылғы 8 ақпанда ЕАЭО кеңесінің отырысында «Қазақстанда жасалған» белгісі бойынша отандық азық-түлік тауарлары үшін жалпы сауда алаңының кемінде 30%-ын және сөре кеңістігін беру жөніндегі сауда желілеріне қойылған талаптар ішкі нарықта кедергі ретінде мәлімделді.

Өз кезегінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмейтін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау бойынша баламалы шаралар қабылдайтын болады.

Мемлекеттік сатып алу шеңберінде Қазақстанда осы тауарлардың өндірісі болған кезде Қазақстанда шығарылған тауарлардың ең аз үлесін белгілеу бойынша

Отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге қолдау көрсету «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарының бірі болып табылады.

Ішкі нарықты қорғау, ұлттық экономиканы дамыту және отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Үкімет екі жылдан аспайтын мерзімге ұлттық режимнен алып тастауды белгілеуге құқылы.

Сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп тауарларын мемлекеттік сатып алу отандық

тауар өндірушілер арасында біліктілікті алдын ала іріктей отырып, конкурс тәсілімен жүргізіледі, онда жеткізушіні таңдаудың негізгі өлшемшарты индустриялық сертификаттың болуы болып табылады.

Анықтама ретінде: бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары бойынша Үкіметтің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 356 қаулысымен шұлық бұйымдары мен киіз аяқ киімге екі жыл мерзімге алып тастаулар белгіленген. Бұйымдардың осы түрлері бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тек қазақстандық өндірушілер ғана қатысуға жіберіледі.

2020 жылы мемлекеттік сатып алудағы отандық жеңіл өнеркәсіп тауарларының үлесі 37 %- ды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 17 % - га жоғары.

Қосымша мемлекеттік сатып алу кезінде отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қаржы министрлігі «Атамекен» ҰҚП-мен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, кейбір заңнамалық актілерге отандық тауар өндірушілерге өнімді өткізудің ұзақ мерзімді және кепілдендірілген нарықтарын (оффтейк-келісімшарттарды қолдану) ұсынуға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізу мәселесін пысықтауда.

Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген түзетулер Парламент Мәжілісіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының шеңберінде қаралуда.

Қазақстанда өндірілмейтін шикізат пен жинақтауыштарды кедендік баждардан босату бойынша

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау мақсатында ерекше салық режимі қолданылатын «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) құрылды. Сыртқы сауда қызметін жүргізу кезінде АЭА қатысушылары импортталатын шикізат пен жабдыққа кедендік баж төлеуден, импорттық ҚҚС-тан және өз өнімдерін экспорттау кезінде ҚҚС-тан босатылады.

Бұдан басқа жеңіл өнеркәсіп қызметінің түрлері «Астана жаңа қала» АЭА қызметінің басым түрлерінің тізбесіне енгізілді.

Анықтама ретінде: бүгінгі күні «Оңтүстік» АЭА қатысушылары «Альянс» ТПК, «Azala Textile» ЖШС, «ПК АГФ групп» ЖШС, «Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС, «Астана жаңа қала» АЭА – «Astana Ютария» ЖШС болып табылады.

Сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің жекелеген кәсіпорындарының өтініші бойынша полиамидті және эластомерлі жіптер, тоқыма жаймалары, синтетикалық және мақта талшықтары бар мақта маталар, әрлеу материалдары (26 тауар позициясы) бойынша кедендік әкелу баждарын 0 %-ға дейін төмендету жоспарлануда.

Мысалы, Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында шұлық өнімдеріне баждарды төмендету жөніндегі өтінім мақұлданды. Қазіргі уақытта бұл мәселе Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – ЕЭК) шеңберінде қаралуда.

Бұдан басқа Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі кейіннен тиісті ұсыныстарды ЕЭК-ке қарау үшін жібере отырып, шикізатқа (маталар, жіптер, фурнитура және т.б.) кедендік әкелу баждарын төмендету

мәселелерін пысықтауда. Жалпы бұл мәселе бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, қажеттіліктің туындауына қарай тұрақты негізде пысықталады.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін ҚҚС төмендетілген мөлшерлемесін 3 % мөлшерінде белгілеу бойынша

Мемлекет басшысы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің 2021 жылғы 29 қаңтардағы отырысының қорытындылары бойынша экономиканың сапалы және орнықты өсуін қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар жөніндегі ұсыныстарды мақұлдады.

Аталған шараларды іске асыру үшін қайта құрылған кәсіпорындар үшін өңдеу өнеркәсібінде өнімді өндіру бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу бойынша оларды мемлекеттік тіркеген сәттен бастап екі жыл ішінде ҚҚС мөлшерлемесін 3,5 %-ға дейін төмендетуді көздейтін түзетулер әзірленді.

Парламент Сенаты қарап жатқан әлеуметтік кәсіпкерлік жөніндегі заң жобасының шеңберінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекске тиісті түзетулер енгізу жоспарлануда.

Жалпы отандық жеңіл өнеркәсіпті дамыту мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительств

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «Ақ жол»,
Народной партии Казахстана

На № ДС-59 от 18.02.2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос относительно поддержки предприятий легкой промышленности, сообщаем следующее.

По возмещению части затрат по маркетинговому продвижению отечественных товаров и арендной платы

Соответствующая норма по частичному возмещению затрат по продвижению отечественных товаров на внешнем рынке предусмотрена в Правилах возмещения части затрат субъектов индустриально-инновационной деятельности по продвижению отечественных обработанных товаров, перечня отечественных обработанных товаров, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию от 30 ноября 2015 года № 1128.

В частности, возмещаются затраты на проведение мероприятий по продвижению товаров, рекламе товаров за рубежом и участию в зарубежных выставках. При продвижении товаров и услуг на внутреннем рынке возмещается 50% затрат (не более 3000 МРП) на сертификацию продукции.

Так, в 2020 году для поддержки бизнеса АО «QazIndustry» по представленным заявкам осуществлено возмещение 15 предприятиям легкой промышленности на общую сумму 37,3 млн тенге.

К примеру, возмещены затраты на продвижение товара ТОО «AZALA TEXTILE», ТОО «Акбура-Контракт», ТОО «Асыл Арман», ТОО «Тараз Кож Обувь», ТОО «Бал Текстиль» и ТОО «Samhat».

Справочно: По линии АО «ЭКС «Kazakh Export» страховая поддержка оказана на сумму более 2 млрд тенге (ТОО «Export Z» - 15 млн тенге; ТОО «Azala Cotton» - 1 млрд тенге; ТОО «ПК АГФ групп» - 1 млрд тенге; ТОО «Мырзакент» - 150 млн тенге; ТОО «Бал Текстиль» - 62 млн тенге).

Также Министерством торговли и интеграции прорабатывается вопрос отправки пробной партии продукции предприятий легкой промышленности во

Францию и Финляндию, используя механизм возмещения затрат по доставке. К примеру, ТОО «ПК АГФ групп» при поддержке АО «QazTrade» уже экспортирует малыми партиями товары в страны Северной Америки и в ближайшие месяцы осуществит первые поставки во Францию и Финляндию.

Дополнительно Министерством индустрии и инфраструктурного развития ведется работа по совершенствованию норм действующего законодательства, направленная на возмещение затрат по продвижению товаров на внутреннем рынке, в том числе аренду торговых площадей, рекламу товаров на телевидении, доставку и т.д.

По обеспечению присутствия на полках торговых сетей не менее 10% товаров легкой промышленности отечественного производства с доведением в последующем до 30%

В соответствии с Законом «О регулировании торговой деятельности» основным принципом регулирования торговой деятельности является невмешательство государственных органов в торговую деятельность.

Также Республика Казахстан в соответствии с принятыми в рамках ВТО обязательствами не должна причинять неблагоприятные последствия для интересов другого члена организации, в том числе наносить ущерб его промышленности, аннулировать или сокращать выгоды, серьезно ущемлять права. В целом члены ВТО должны предоставлять равные условия конкуренции для отечественных и импортных товаров.

Кроме того, имеются обязательства Республики Казахстан в рамках Евразийского экономического союза (далее – ЕАЭС). Так, 8 февраля 2021 года на заседании совета ЕАЭС требования к торговым сетям по предоставлению не менее 30% от общей торговой площадки и полочного пространства для отечественных продовольственных товаров по обозначению «Сделано в Казахстане» заявлены в качестве препятствия на внутреннем рынке.

В свою очередь, Министерством индустрии и инфраструктурного развития совместно с НПП «Атамекен» будут приняты альтернативные меры по поддержке предприятий легкой промышленности, не противоречащих международным обязательствам Республики Казахстан.

По установлению минимальной доли товаров казахстанского происхождения при наличии производства этих товаров в Казахстане в рамках государственных закупок

Оказание поддержки отечественным производителям товаров, а также поставщикам работ и услуг является одним из принципов государственных закупок в соответствии с Законом «О государственных закупках».

В целях защиты внутреннего рынка, развития национальной экономики и поддержки отечественных товаропроизводителей Правительство вправе установить изъятия из национального режима на срок не более двух лет.

Также государственные закупки товаров легкой промышленности, проводятся способом конкурса с предварительным квалификационным отбором среди отечественных товаропроизводителей, где основным критерием выбора поставщика является наличие индустриального сертификата.

Справочно: по предложениям бизнес-сообщества постановлением Правительства от 8 июня 2020 года № 356 установлены изъятия на чулочно-носочные изделия и обувь валяную сроком на два года. При осуществлении государственных закупок по этим видам изделий к участию допускаются только казахстанские производители.

За 2020 год доля отечественных товаров легкой промышленности в государственных закупках составила 37%, что на 17% выше по сравнению с 2019 годом.

Дополнительно в целях поддержки отечественных товаропроизводителей при государственных закупках Министерством финансов совместно с НПП «Атамекен» и бизнес-сообществом прорабатывается вопрос внесения изменения в некоторые законодательные акты, которые позволят предоставить отечественным товаропроизводителям долгосрочные и гарантированные рынки сбыта продукции (*применение оффтейк-контрактов*).

В настоящее время вышеуказанные поправки рассматриваются в рамках проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственных закупок», который находится в Мажилисе Парламента.

По освобождению от таможенных пошлин сырья и комплектующих, которые не производятся в Казахстане

В целях поддержки предприятий легкой промышленности создана Специальная экономическая зона (далее – СЭЗ) «Онтустік», где действует особый налоговый режим. При ведении внешнеторговой деятельности участники СЭЗ освобождаются от уплаты таможенных пошлин на импортируемые сырье и оборудование, от импортного НДС и НДС при экспорте собственной продукции.

Кроме того, виды деятельности легкой промышленности включены в перечень приоритетных видов деятельности СЭЗ «Астана новый город».

Справочно: на сегодня участниками СЭЗ «Онтустик» являются такие крупные предприятия как ТПК «Альянс», ТОО «Azala Textile», ТОО «ПК АГФ групп», ТОО «Хлопкопром-Целлюлоза», ТОО «Бал Текстиль»; СЭЗ «Астана новый город» - ТОО «Astana Ютария».

Также по обращению отдельных предприятий легкой промышленности планируется снижение ввозных таможенных пошлин до 0% по полиамидным и эластомерным нитям, трикотажным полотнам, синтетическим и хлопчатобумажным тканям, отделочным материалам (26 товарных позиций).

Так, на заседании Межведомственной комиссии по вопросам внешнеторговой политики и участия в международных экономических организациях одобрена заявка по снижению пошлин для чулочно-носочной продукции. В настоящее время данный вопрос рассматривается в рамках Евразийской экономической комиссии (далее – ЕЭК).

Кроме того, Министерством индустрии и инфраструктурного развития прорабатываются вопросы снижения ввозных таможенных пошлин на сырье (ткани, нити, фурнитура и др.), с последующим направлением соответствующих предложений для рассмотрения в ЕЭК. В целом данный вопрос прорабатывается совместно с бизнес-сообществом на постоянной основе по мере возникновения необходимости.

По установлению пониженной ставки НДС в размере 3% для предприятий легкой промышленности

Главой государства по итогам заседания Высшего совета по реформам 29 января 2021 года одобрены предложения по срочным мерам для обеспечения качественного и устойчивого роста экономики.

В реализацию указанных мер разработаны поправки, предусматривающие уменьшение ставки НДС до 3,5% для вновь созданных предприятий в течение двух лет с момента их государственной регистрации по реализации товаров, являющихся результатом осуществления деятельности по производству продукции в обрабатывающей промышленности.

Соответствующие поправки планируется внести в Кодекс «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» в рамках рассматриваемого Сенатом Парламента законопроекта по социальному предпринимательству.

В целом вопросы развития отечественной легкой промышленности находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Мамин